

тартады [10]. Бұл жерде, әрине, халықаралық қоғамдастық, ең алдымен «төрттік» (БҰҰ, АҚШ және Ресей Федерациясы, сондай-ақ ЕО) өз үлесін қосуы керек, өйткені дәл қазіргі уақытта екі қақтығысушы тарапқа да әсер етудің және сол арқылы олардың позицияларының барынша жақындасуына ықпал етудің нақты мүмкіндігі бар. Екінші жағынан, «төрттік» әлеуетін асыра айтудың қажеті жоқ, өйткені әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан араб-израиль қақтығысының қатысушылары, ең алдымен, Израиль мемлекеті мен палестиналықтар бұл ұзақ қақтығысты тоқтатып, Таяу Шығысқа көптен күткен бейбітшілік әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Чернер Ю., Кунц И. Моссад – первые полвека. – М., 2003, 512 с.
2. Arafat and Barak «enter direct talks» [сайт: The Guardian ресми сайты] URL: <https://www.theguardian.com/world/2000/oct/04/israel4> (Қараған уақыты: 10.03.2022)
3. Lockman Z., Intifada: The Palestinian Uprising against Israeli occupation paperback – October 1. – California, 1990, 368 p.
4. Taba summit (2001) [сайт: The israeli-palestinianconflict: ресми сайты] URL: <https://ecf.org.il/issues/issue/214> (Қараған уақыты: 01.03.2022)
5. Resolution №1322 [сайт: UN ресми сайты] URL: <http://unscr.com/en/resolutions/1322> (Қараған уақыты: 07.03.2022)
6. United Nations Security Council Resolution №1403 (2002) [сайт: The israeli-palestinianconflict: ресми сайты] URL: <https://ecf.org.il/issues/issue/128> (Қараған уақыты: 07.03.2022)
7. Ратификация «Арабской мирной инициативы» на саммите в Эр-Рияде [сайт: Информационный Центр Изучения Терроризма при Израильском Центре Специальных Исследований ресми сайты] URL: https://www.terrorisminfo.org.il/Data/pdf/PDF_18635_6.pdf (Қараған уақыты: 07.03.2022)
8. Лещеня И. А. Деятельность «Ближневосточного квартета» по урегулированию палестино-израильского конфликта в рамках проекта «Дорожная карта» (2003 - 2008). – Минск, 2000. – С. 168-180.
9. Киё А. Вопрос о Палестине и Организация Объединенных Наций. – Нью-Йорк, 2008, 137 с.
10. Израиль, палестинцы и мирный процесс [сайт: Министерство Иностранных Дел Израиля ресми сайты] URL: https://mfa.gov.il/mfarus/foreignrelations/peaceprocess/pages/peace_process_faq.aspx (Қараған уақыты: 09.03.2022)

ӘОЖ 327

Катар дипломатиялық дағдарысының «әл-Жазирадағы» көрінісі.

Сағынбек Айзере Айдынқызы

Aizere.sagynbek99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Ғылыми жетекшісі- Тарих ғылымдарының кандидаты,
Шығыстану кафедрасының профессор м.а. :Ильсоева З.С.*

Аннотация: Коммуникациялық әдістер ғылыми прогресс пен ХХ ғасырдағы технологиялық революцияның арқасында үнемі дамып отырады. Ал бұл бұқаралық ақпарат құралдарына қазіргі таңдағы мәселелер мен қақтығыстарға қатысты аудиторияны қуаттандыруда маңызды рөл атқаруға мүмкіндік береді. Делдалдық қоғамдық дипломатия және аралық күн тәртібін белгілеу теорияларына сүйене отырып, бұл мақала Парсы шығанағындағы дипломатиялық дағдарыс кезінде Сауд Арабиясы мен Катар үкіметтері жүргізген қоғамдық дипломатия әрекеттерінің тиімділігін салыстыруға бағытталған. 2017 жылдың 5 маусымында бірқатар араб елдері - Бахрейн, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Египет, Йемен, Ливия (уақытша үкімет) және Мальдив, кейіннен Мавритания мен Комор аралдары Катармен дипломатиялық қарым-қатынастың үзілуі жайлы мәлімдеді. Кейін бұл шағын мемлекетке құрлық, теңіз және әуе блокадасын орнатты. Бұл Qatar News Agency (QNA; وكالة الأنباء القطرية) ақпарат агенттігінің жаңалықтар порталында жарияланған жалған жаңалықтарға жауап болды. Мақалада 2017 жылдың жазында басталған Катар дипломатиялық дағдарысының себептері мен салдары және мемлекет демеушілік ететін бұқаралық ақпарат құралдарының тиісті әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: Катар дипломатиялық дағдарысы, төңкеріс, қақтығыс, жұмсақ күш, терроризм, БАҚ, әл-Жазира, контент-талдау.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар уақыт өткен сайын маңызды рөл атқара бастады. Дәл осы фактор дипломатияның дәстүрлі әдістеріне бірталай өзгерістер әкелді. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар жаһандық инфрақұрылымды құра отырып, мемлекетаралық өмірдің барлық салаларына еніп қана қоймай, мемлекеттер арасындағы өзара байланыстың жаңа деңгейін қалыптастырып отыр. БАҚ-тың функциясын бәсекеге түсе алатын жүйеге айналдыру дегеніміз ол – елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, сыртқы саяси мүдделерді қорғаудың тағы бір маңызды құралын жасау деген ұғым. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы халықаралық қатынастардың маңызды факторы мәртебесіне ие болып отырған БАҚ-тың сыртқы саясаттағы рөлі өте үлкен. Әрине ғылыми прогреске және технологиялық революцияға байланысты коммуникация әдістері үнемі дамып отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары кең таралуының арқасында әртүрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық салалар бойынша кең аудитория үшін ақпараттың негізгі көзіне айналды. Ал бұл өз кезегінде олардың адамдарға ықпалының үнемі артуына алып келеді.

2017 жылдың 5 маусымда басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан Катар дипломатиялық дағдарысы сарапшылар арасында жиі қызу пікірталас тудыруда. Қарым-қатынастардың шиеленісуі тек Катарға ғана емес, аймақтағы басқа елдерге де әсер етті. Оның ішінде Сауд Арабиясы, Бахрейн, БАӘ, Египет Катарды лаңкестік ұйымдарды қолдап, Таяу Шығыстағы жағдайды тұрақсыздандырды деп айыптаған болатын [1]. Катар төңірегіндегі қақтығыс Таяу Шығыстағы басқада оқиғалар аясында дамыды. Дипломатиялық блокада жарияланғаннан кейін және шағын, бірақ амбициясы жоғары әмірлікке қарсы санкциялар салынуы аймақтағы биполярлық жүйенің қалыптасуына алып келді. Бұл оқиғалардың басты «кінәлі» аз ғана халқы бар Парсы шығанағында маңызды стратегиялық позицияға ие ол – Катар болды. 2019 жылдың қаңтар айындағы ресми санақ деректеріне сәйкес, шамамен 3 миллион тұрғынды ғана құрады [2]. Халықтың қалған бөлігі Бангладеш, Пәкістан, Үндістан және басқа елдерден келген еңбек эмигранттары. Дегенмен де, экономикалық әлеуеті жағынан өте дамыған БАӘ, аймақтың қаржы орталығы – Бахрейн, сондай-ақ елеулі әскери күші бар Мысыр және ірі Сауд Арабиясы тараптарынан келген қауіп аясында бұл шағын мемлекет қысымға төтеп бере алды. Катар мен Сауд Арабиясы, сондай-ақ оның одақтастары арасындағы қазіргі қақтығыс негізінен «араб көктемі» кезінде бастауын алған болатын. Сол себепті, Парсы шығанағы монархиялары арасындағы ескі

қайшылықтардың жалғасуы және дипломатиялық дағдарысы Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің әріптестік кеңесі елдері үшін ықтимал болды[3].

Ал бұл қақтығыстың негізгі себептері мен тарихы өнінің бастауын сонау тереңнен алады деп те айтуға болады. Катар мен Сауд Арабиясының ерекше қарсылығы тарихи оқиғаларға, атап айтқанда тайпалық қайшылықтарға байланысты. Екі мемлекет де сунниттік исламды ұстанады. Әл Тани отбасы және Катардың қазіргі әмірі Хамад бен Халифа Әл Танидің уахабизмнің негізін қалаушы Мұхаммед ибн Абд әл-Уаххабтан бастап өз жолын басқарады. Катар әмірлерінің қоғамында олар Араб түбегіндегі лайықтырақ билеушілер деген пікір бұрыннан қалыптасқан. Әл-Тани отбасының Сауд Арабиясының аумағындағы кейбір ықпалды тайпалармен ескі байланысын ескере отырып, мұндай мәлімдемелер саудиялық отбасы өкілдерінің наразылығын тудырады[4].

2017 жылы Катардағы дипломатиялық дағдарысқа бірқатар факторлар әсер етті. Катардың Синайдағы содырларды қаржыландыруына ұзақ уақыт бойы шыдап келген Египет . Сондай-ақ «араб төрттігі» Ресей, Иран және Хизболланың көмегімен ДАИШ пен басқа лаңкестік ұйымдардың содырларын толығымен дерлік жеңе алған Сириядағы Башар Асад режимінің күшеюіне де қатты алаңдады [5].

Бастапқыда Сирия оппозициясының негізгі демеушілерінің бірі ретінде әрекет еткен Катар , Иран және Ресеймен байланысын күтпеген жерден жақсартқан болатын. Ал бұл өзгеріс - Сауд Арабиясы үшін, Йемендегі соғыс қимылдарын ушықтыруға , сондай-ақ Иран қаржыландырып, қолдайтын және Сауд Арабиясының өзінде шығыс провинциясындағы хуситтерді жеңуге әкелмейтін болжады. Катар-шиит альянсы Бахрейнде де алаңдаушылық тудырады. Себебі, шииттер Бахрейнде мұсылман халқының 60%-дан астамын құрайды. Осы факторлардың барлығы Катар дипломатиялық дағдарысына әкелді:

Біріншіден, араб төрттігі, оның серіктері мен Катар арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың үзілуі. Екіншіден, одан кейін экономикалық және физикалық блокада, лаңкестерді қолдады және ішкі істерге араласты деген айыптаулар. Дегенменде , дағдарыстың ауыр экономикалық немесе саяси салдары болған жоқ. Себебі Катар Сауд Арабиясының экономикалық бойкотының уақытша қолайсыздығын еңсере алды. Ал жақтасқан елдердің қатарында : Түркия мен Иранды айтып өтуге болады.

«Катар дағдарысы мен аймақтық келіспеушіліктердің ушыға түсуі» төрт елдің Катарды экстремистік және лаңкестік топтарға қолдау көрсетуде, Иранмен тығыз байланыста болуда, Парсы шығанағы елдерінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына нұқсан келтіруде және әл-Жазираны үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланды деп түсіндіреді. Сонымен қатар, төрт ел Катарға бойкотты тоқтату үшін он күн ішінде қабылдауы тиіс талаптар тізімін жасады. Талаптардың кейбірі: Иранмен байланысты үзу, Катардағы түрік әскери базасын жабу, лаңкестік топтарға қолдау көрсету мен қаржыландыруды тоқтату, мемлекеттерге өтемақы төлеу және штаттардағы оппозициялық топтармен барлық байланыстарды тоқтату. Алайда Катар төрт елдің айыптауларын жоққа шығарып, олардың әрекетін халықаралық құқықты бұзу және егемендігін бұзу деп жариялады. Катар да өз кезегінде төрт ел қойған шарттарды қабылдаудан бас тартты [6].

1990-2000 жылдар аралығында Катар «жұмсақ күш» саясатын басшылыққа ала отырып, өз позицияларын нығайтты және сыртқы қолдауды тартуға мүмкіндік беретін құралдарды пайдалана бастады. Бұл құралдардың ең маңыздысы бүкіл араб әлеміндегі ең беделді және танымал арна әл-Жазира болды. Ол Араб Шығысы мен Солтүстік Африкада ғана емес, бүкіл әлемде Катар ықпалының құралы болды. Көптеген сарапшылар Әл-Жазираның Тунистегі Бен Али, Египеттегі Хосни Мұбарак, Ливиядағы Муаммар Каддафи режимдерін құлатуға қосқан үлесін маңызды деп бағалаған болатын [7].

Айтып өткеніміздей, жұмсақ күш ұғымын қалай түсінеміз? Америкалық атақты саясаттанушы Джозеф Най «Жұмсақ күш» атты мақаласында, Таяу Шығыс аймағының


өкілдігі оның қуатты державаларының мәртебесі мен ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен бірге трансұлттық діни топтардың, мұнай компаниялары мен ұйымдардың болуы мен ықпалына байланысты екенін атап өтті. Әскери күш әлі де биліктің ең жоғарғы түрі болып табылады, бірақ күш қолдану барған сайын қымбатқа түсуде. Сол себептіде, ішкі және халықаралық қатынастарға әсер етуде коммуникация, ұйымдастырушылық және институционалдық дағдылар, өзара тәуелділікпен айла-шарғы жасау сияқты құралдардың маңызы артып келеді. Най үшін биліктің таралуына бес тенденция ықпал етті: экономикалық өзара тәуелділік, трансұлттық субъектілер, әлсіз мемлекеттердегі ұлтшылдық, технологияның таралуы және саяси мәселелердің өзгеруі. Най тиімді коммуникация және көпжақты институттарды дамыту және пайдалану сияқты жаңа қуат көздері заманауи әлемнің қиын мәселелерін шешіге көбірек сәйкес келеді деп түсіндіреді. Най дәстүрлі «қатты» билікке балама немесе екінші аспектіні ұсынады және ,ол кооперативтік немесе жұмсақ күш [8].

Әл-Жазира сияқты желілер саяси қақтығыстың ажырамас бөлігіне айналып қана қоймай, әлемде қандай саяси процесстер жүріп жатқаны туралы маңызды сұрақтарды тудырады. Зерттеушілер әл-Жазира жаңалықтар өндірісінің салыстырмалы түрде жоғары сапасын атап өтті. Ал бұл фактор басқа басқа араб телехабар желілерін бәсекеге қабілетті болу үшін өздерінің өндірістік күш-жігерін жақсартуға септігін тигізді. Ең бастысы, зерттеулер және талдау жұмыстары әсіресе басқа араб жаңалықтар ұйымдарымен салыстырғанда, әл-Жазираның журналистік тәжірибесінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін анықтады. Мәселен әл-Арабия 2003 жылы Дубайда Сауд Арабиясының монархиясымен тығыз байланысы бар саудиялық кәсіпкерге тиесілі Middle East Broadcasting Group (MBC) тарапынан құрылған желі. Араб аймағында әл- Жазирадан кейінгі жоғары аудиторияға ие [9]. Әл-Арабия өзін әл-Жазираға бәсекелес және экстремизмге оппозиция ретінде көрсетеді [10].

Катар дипломатиялық дағдарысын медиа талдау жұмыстары «фрейминг талдау» арқылы жүргізіледі.

Фрейминг дегеніміз- коммуникациялық хабарламалардың мақсатты мағыналарын зерттеу үшін медиа және коммуникация парадигмасы. Хабарларды ұсыну тәсілі олардағы фактілердің маңыздылығын көрсетеді. Мәселен әл -Хасад (әл-Жазира) және Панорама (әл-Арабия) жетекші кешкі жаңалықтар болып табылады және көрермендер үшін бір-бірімен бәсекелеседі. Тұтастай алғанда, әл-Хасад пен Панорама арасында кадр жасауда айтарлықтай айырмашылықтар болды. Әл-Хасад үнемі Катарға жанашырлық танытып, Сауд Арабиясы басқаратын осьтегі қақтығысты айыптады, блокаданы араб көктеміне қарсы болжамды «контрреволюциямен» байланыстырды. Панорама әл-Арабия өз баяндамасында Катарды лаңкестік деп танып, қақтығыс үшін айыптады.

Ендігі кезекте, Катар саяси дағдарысының әл –Жазирадағы көрінісіне келетін болсақ, бұл тұста 2017 жылдың 5 маусымында жарияланған бірнеше мақалалар мен жариялынымдар назар аударарлық. Оларды қатарында: [11]



Бір күнде осылайша тоғыз жаңалық мақаласы жарияланды. Оның бірі Катар Сыртқы істер министрлігі жариялаған қорғаныс мәлімдемесі болды. Ал қалған сегіз мақаланы сыни тұрғыдан оқи отыра әл –Жазирадағы пайдаланған үш негізгі бағытты анықтап, байқауға болады.

- Конспирация немесе астыртын әрекет бағыты
- Сауд Арабиясы мен БАӘ қақтығыс шеңберінің негізгі көзі және себебі бағыты
- Теріс экономикалық салдарлардың құрылымы және экономикаға әсері бағыты

Конспирация немесе астыртын әрекет бағытын дәлелдеп көрсететін мақалаларға назар аударсақ : [11].

- «Сауд Арабиясы, Мысыр, БАӘ, Бахрейн, Йемен және Мальдивтер дүйсенбі күні Парсы шығанағы мемлекетімен қарым-қатынасын тоқтатқанын жариялап, Катар мемлекеттік ақпарат агенттігінің жуырдағы хакерлік шабуылынан кейінгі қақтығысты күшейтті». (Saudi Arabia, Egypt, UAE, Bahrain, Yemen, and Maldives announced they would suspend relations with the Gulf state on Monday, escalating a row following a recent hack of the Qatari state-news agency)

- «Сауд Арабиясы «бауырлас» елдерді Катарға қарсы шараларға қосылуға шақырды». (Saudi Arabia had called on “brotherly” countries to join its measures against Qatar)

- «Катар мен Парсы шығанағындағы араб елдері арасындағы келіспеушілік Катардың мемлекеттік ақпарат агенттігінің хакерлік шабуылға ұшырағанынан кейін ушыға түсті». (The move [cutting diplomatic ties with Qatar] escalated a row following a recent hack of Qatar’s state-run news agency)

- «Сейсенбі күнгі хакерлік шабуылдан кейін Катар әмірі шейх Тамим бен Хамад әл-Таниге қатысты жалған түсініктемелер жарияланды». (Following the hacking on Tuesday comments falsely attributed to Qatar's emir, Sheikh Tamim bin Hamad Al Thani, were published)

- «Біріккен Араб Әмірліктерінде орналасқан Sky News Arabia және Al Arabiya, Катардың бұл жағдайды теріске шығаруына қарамастан, беделін түсірген оқиғаны жариялауды жалғастырды». (UAE-based Sky News Arabia and Al Arabiya kept running the discredited story, despite the Qatari denials)

Сауд Арабиясы мен БАӘ қақтығыс шеңберінің негізгі көзі және себебі бағытын дәлелдеп көрсететін мақалаларға назар аударсақ : [11].

- «Екі жылдан астам Йеменде Иран қолдайтын көтерілісшілермен соғысып жатқан Сауд Арабиясы Катарды бұдан былай одақта немесе альянста қабылдамайтынын бөлек жариялады». (A Saudi-led coalition which for more than two years has been fighting Iran-backed rebels in Yemen separately announced that Qatar was no longer welcome in the alliance)

- «[Саудиялық] ақпарат агенттігі Катарды айыптағаны жайлы мәлімдеме жасады» (The [Saudi] news agency released a statement in which it accused Qatar)

- «Шаралардың бір бөлігі ретінде Сауд Арабиясы Йемендегі соғыста Катарға қолдау көрсетуден бас тартатынын айтты» (As part of the measures, Saudi Arabia said it would pull Qatari support from the Yemen war)

- [Сауд Арабиясы] ұлттық қауіпсіздікті қорғау деп атайтын ұғым үшін әрекет етіп жатқаны жайлы мәлімдемесі (Saying it [Saudi Arabia] was taking action for what it called the protection of national security.)

Теріс экономикалық салдарлардың құрылымы және экономикаға әсері бағыты: [11].

- «Дипломатиялық қарым-қатынастарды үзу, газға бай Катардағы қорлардың азаюына және мұнай бағасының өсуіне әкелді», ([cutting diplomatic ties] sent stocks in gas-rich Qatar plunging and the price of oil rising)

- «Дипломатиялық бөліну аймақтағы әуе компанияларына зиянын тигізді », (The diplomatic rift has wreaked havoc with airlines in the region)

- «Алан Пиффорд: Qatar Airways-қа орасан зор әсер ететінін айтты», ([Alan Peaford] said Qatar Airways will see greatest impact)

- «Кейбір шетелдік банкирлер дипломатиялық шиеленіс жалғасатын болса, бүкіл аймақ несиелер үшін көп шығынданып төлейтінін мәлімдеді», (Some foreign bankers said the whole region could end up paying more to borrow if the diplomatic tensions persisted.)

- «Хабарландырулар, мұнай бағасының күрт өсуін және Катар акцияларының құлдырауы қаржы нарықтарын дүр сілкіндірді », (The announcements roiled financial markets, with the price of oil surging and Qatari stocks and shares falling.)

Талдаудың нәтижесінде, 2018-2020 жылдар аралығында әл-Жазира жариялаған мақалалардың көпшілігінде біржақтылық байқалды, бұл блокадаға қарамастан, ел экономикасының айтарлықтай өскенін көрсетті. Оның қатарында келесі жарияланымдар мен мақалаларды байқауға болады: [12].

- Брукингс: Катардың блокадасы оның экономикасын нығайтуға көмектесіп, күшті аймақтық интеграцияға жол ашты

(بروكينغز: حصار قطر ساهم في تعزيز اقتصادها.. مما يمهد الطريق لتكامل إقليمي أقوى)

- Катардағы блокада және оның экономикалық және саяси көтерілуі

(حصار قطر وصعودها الاقتصادي والسياسي)

- Порт Хамад... Катар блокадасының сәтсіздігі туралы оқиға

(ميناء حمد.. قصة إفشال حصار قطر)

- Катар блокададан не ұтты?
(ماذا ربحت قطر من الحصار؟)
- Катардың блокадасы Парсы шығанағы елдерінің экономикасына қалай әсер етті?
(كيف تأثرت اقتصادات الخليج بحصار قطر؟)
- Алия Әл-Тани: Катарды блокадалау аймақтық тұрақтылықты тұрақсыздандырады
(علياء آل ثاني: حصار قطر يزعزع الاستقرار الإقليمي)

Қорытындылай келе, бұл Катар дипломатиялық дағдарысындағы басымдылық танытқан бағыт ол тарихи себептермен қоса ақпараттық қақтығыс екенінде байқауға болады. Ақпараттық соғыстың ең маңызды құрамдас бөлігі- алдын алу шаралары болып табылады. Жалған фактілер бүкіл әлемге жеткілікті түрде сенімді түрде жарияланғаннан кейін, аудиторияны керісінше сендіру екі есе қиын екендігі барлығына мәлім. Ақпараттық салада, әдетте, «кім бірінші және тез –сол жеңеді» деген ереже бар, бұл оның жалпы аудиториясы үшін дұрыс екенін білдіреді. Осыған байланысты қазіргі жаһандану үдерісі қарқынды жүріп жатқан заманда БАҚ аса маңызды рөл атқарады. Нақты ақпарат беруде бәсекелестерден оқ бойы озық болу, сондай-ақ ақпараттық шабуылдарға қарсы тұра білу маңызды. Осылайша, байқағанымыздай, мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғауда ақпараттық қауіпсіздік бірінші орынға шығады, ал ақпаратты қорғаусыз, мемлекет ішінде және одан тыс жерлерде ақпараттық соғыс жүргізу және ақпараттық шабуылдардың алдын алу мүмкін емес. Сонымен, бүгінгі таңда халықаралық саясатты манипуляциялауға мүмкіндік беретін құрал ол- медиа-ресурс деп қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егоров И.С. Катарский дипломатический кризис: причины и последствия, Социально-гуманитарные знания. 2019 г. №4. С. 257
2. Ministry of Development, Planning and Statistics (Qatar) Official Site, [Электрондық ресурс] URL: <https://www.mdps.gov.qa/en/statistics/StatisticsSite/Pages/Population.aspx>
3. مرسي، مصطفى عبدالعزيز. أزمة العلاقات مع قطر: أسبابها وتداعياتها على مجلس التعاون الخليجي. الناشر: الأمانة العامة لجامعة الدول العربية، 2017. – ص. 34
- C.34. (Кризис отношений с Катаром: причины и последствия для ССАГПЗ)
4. Kamrava M. Qatar: Small State, Big Politics. Ithaca and London: Cornell University Press, 2015, с. 107-111
5. Васецова Е.С. Иран и борьба с "Исламским государством" (террористической организацией, запрещенной в РФ) // Социально-гуманитарные знания, 2018, № 9, с. 122-129.
6. Pradhan P (2018) Qatar Crisis and the Deepening Regional Faultlines. Strategic Analysis 42: с. 437-442.
7. Васильев А.В. Рецепты арабской весны: русская версия. М.: Алгоритм, 2012, с.135-139
8. Nye JS (1990) Soft Power. Foreign Policy 80: с.153-171.
9. Assessing public sentiments and news preferences on Al Jazeera and Al Arabiya (Al-Rawi 2016; Elmasry et al. and Strong, 2012a).
10. Arab Satellite Television and Crisis Reporting (Zayani and Ayish, 2006).
11. [Электрондық ресурс] URL: : <https://www.aljazeera.com/>
12. [Электрондық ресурс] URL.: <https://www.aljazeera.net/>